

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім ұйымы Басқармасының
2019 жылғы 18 сәуірдегі
шешімімен бекітілген (№14 хаттамасы)
(ДББҰ Басқармасының шешімдеріне сәйкес
2020 жылдың 4 қыркүйектегі (№42 хаттамасы)
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары бойынша жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережесі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары бойынша жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу Ережесінің, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының 2012 жылғы 5 қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы туралы Ережесінің негізінде құрастырылған.

2. Осы Ереже орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары бойынша бағалау рәсімін ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

Осы Ереженің «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының шешімімен бекітілген орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының пәндер бойынша «Бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының портфолиоларын жиынтық бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережелеріне күші жоқ болып табылады.

3. Сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау тыңдаушылардың орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын (бұдан әрі – Курстар) меңгеруін анықтау және тыңдаушылардың сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау қорытындысы бойынша сертификаттауға ұсыныстар беру мақсатында өткізіледі.

4. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) **ДББҰ** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – ДББҰ);

2) **бағалау ведомосі** – Курстардың әр легінде тыңдаушылардың сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалауы

аяқталғаннан кейін нәтижелер ресми түрде тіркелетін ПӨО құжаты;

3) **Зияткерлік мектеп** – негізгі қызметі білім беру болып табылатын ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектеп» филиалы;

4) **ПӨО** – ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы;

5) **бағалау материалдары** – тіркеу парақтары, жиынтық бағалау рәсімдерін бақылау формасы, бағалау материалдарының есеп формасы, тренердің сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау проформасының қағаз нұсқасы, тыңдаушылардың сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымның жиынтық бағалау проформаларының қағаз нұсқасы, ПӨО жауапты тұлғасының сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымның жиынтық бағалау проформасының электронды және қағаз нұсқасы, тыңдаушылардың сабақ жоспарларының электронды нұсқасы, таныстырылымдардың электронды нұсқасы (PowerPoint слайдтары) және постердегі қағаз нұсқасы, бағалаудың видеожазбасы, «есептелмеді» шешімі бойынша негіздемелер, тыңдаушының қайта бағалауға жазған өтінішінің түпнұсқасы (өтініш түскен жағдайда);

6) **модерация** – бағалау сапасын қамтамасыз ету және объективті шешім қабылдау үшін ПӨО жауапты тұлғасының бағалауы бойынша «есептелмеді» алған тыңдаушыларды бағалау материалдарын қайта тексеру үдерісі;

7) **бақылаушы** – таныстырылымды бағалау бақылауын жүзеге асыратын ДББҰ филиалдарының қызметкері;

8) **білім беру ұйымдары** – оқыту орталықтары Курс бағдарламалары бойынша педагог қызметкерлерді оқытуды өткізетін жалпы білім беретін мектептер, колледж, кәсіби мектептер (лицейлер);

9) **ПӨО жауапты тұлғасы** – бағалауды ұйымдастыратын, өткізетін және тыңдаушылардың таныстырылымын жиынтық бағалау бойынша шешім қабылдайтын ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» филиалының қызметкері;

10) **жауапты менеджер** – тыңдаушылардың сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымын бағалау рәсімдерін ұйымдастыру, құжаттау және басқаруға жауапты ПӨО директорының бұйрығымен тағайындалатын ПӨО қызметкері;

11) **бағалау** – Курс тыңдаушыларының сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымын жиынтық бағалау рәсімі;

12) **плагиат** – қолданылған көлеміне және пиғылына қарамастан, қандай да бір автордың сабақ жоспарын көшіріп алу және өзінің жұмысы ретінде таныстыру;

13) **ПӨО порталы** – бағалау бойынша нормативті-нұсқамалық құжаттар, сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылар тізімі жарияланатын интернет-ресурс;

14) **лек** – Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтарында бір мезгілде таныстырылымды бағалау үдерісінен өткен Курс тыңдаушыларының тобы;

15) **таныстырылым** – Курстарда оқу қорытындысы бойынша

сабақты жоспарлау бойынша тыңдаушының жеке көрсетілімі;

16) **әдістемелік-жүйелік кешен** – ДББҰ тәжірибесін Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына тарату үшін әдістемелік ресурстар мен өзге де материалдарды қамтитын және орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде пайдаланушыларға көмек көрсету үшін электрондық алаң ретінде қызмет ететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ұйымдастырушылық реттелген жиынтығы;

17) **тыңдаушы** – Курста оқитын педагог қызметкер;

18) **тренер** – тренер сертификаты бар және Курс бағдарламасы бойынша тыңдаушылардың оқуын жүзеге асыратын педагог қызметкер;

19) **Оқыту орталығы** – Курстарда педагог қызметкерлерді оқытуды жүзеге асыратын ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» жеке мекемесі (бұдан әрі – ПШО) және оның филиалдары, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Өрлеу) және оның филиалдары.

2. БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5. Бағалауды ұйымдастыру және өткізуді ПӨО Оқыту орталықтарымен және Зияткерлік мектептерімен бірлесіп жүзеге асырады.

6. Бағалау Оқыту орталықтарында және/немесе Білім беру ұйымдарының негізінде Курстың соңғы күні өткізіледі:

7. ПШО ПӨО-на білім беру бағдарламалары бойынша оқу-әдістемелік кешенді және өзгеріс енгізілген жағдайдағы оқу-әдістемелік кешенді Курстар басталғанға дейін жібереді.

8. ПӨО:

1) Оқыту орталығынан курстарды өткізу кестесін, ЖСН, оқу орны, білім беру бағдарламасы, оқыту тілі көрсетілген тыңдаушылардың тізімін алады;

2) ПӨО директорының бұйрығымен қазіргі қызметтегі жұмыскерлер қатарынан ПӨО жауапты тұлғаларын, жауапты менеджерін тағайындайды;

3) ПӨО директорының бұйрығымен бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарында көрсетілген тыңдаушылар санына сүйене отырып ДББҰ филиалдарының қазіргі қызметтегі жұмыскерлері қатарынан бақылаушылардың санын анықтайды, ПӨО жұмыскерлері қатарынан бақылаушыларды тағайындайды;

4) тыңдаушылар санын есепке ала отырып, ПӨО жауапты тұлғаларының жүктемесін бөледі;

5) ПШО Курстарына дейін бір апта бұрын ресми хатпен жиынтық бағалау рәсімдері туралы хабарлайды;

6) Зияткерлік мектептерге бағалау мерзімдері және бақылаушылардың саны туралы хабарлайды;

7) бағалауды жүзеге асырады;

8) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес тыңдаушыларды бағалау

ведомосін Бағалау ведомостерін тіркеу журналында (электрондық форматта) тіркейді;

9) сертификаттауға ұсынылған/ұсынылмаған тыңдаушылардың тізімін және «есептелмеді» шешімдері бойынша модерация актісінен үзінді көшірмені ДББҰ мен Оқыту орталықтарына Курстар аяқталғаннан кейін он жұмыс күні өткен соң ресми хатпен жібереді;

10) таныстырылымды бағалауды өткізуге екі күн қалғанда жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу журналында тыңдаушылардың қайта бағалауға арналған өтініштерін тіркейді;

11) Курс соңында бағалау нәтижелері бойынша аналитикалық есепті жасайды және Оқыту орталықтарына ұсынады.

9. ПӨО жауапты тұлғасы:

1) Курстың соңғы аптасында осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес тыңдаушыларға бағалау рәсімдері бойынша нұсқама жүргізеді;

2) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес бақылаушыларға нұсқама жүргізеді;

3) осы Ереженің 4,5-қосымшаларына сәйкес бақылаушыларға тіркеу парағы және бағалау рәсімдерін бақылау формасын ұсынады;

4) осы Ереженің 6-9-қосымшаларына сәйкес тренердің жеке поштасына тренердің және тыңдаушылардың сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау проформаларын жібереді;

5) жауапты менеджердің құрастырған бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын тексереді және деректерге өзгеріс енгізу қажет болған жағдайда хабарлайды;

6) бақылаушы болған жағдайда таныстырылымды бағалаудың бейнежазбасын жүзеге асыру үшін Зияткерлік мектептерден бейнежазба жазу аппаратурасын қабылдау-беру актісі бойынша алады;

7) тыңдаушылардың орташа бағасын шығарады, осы Ереженің 10, 11-қосымшаларына сәйкес ПӨО жауапты тұлғасының сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымның жиынтық бағалау проформасына тренердің бағасын және тыңдаушылардың орташа бағасын енгізеді;

8) осы Ереженің 13 тармағында айқындалған тәртіппен таныстырылымды бағалау бойынша шешім қабылдайды және бағалау материалдарын жауапты менеджерге тапсырады;

9) осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес жиынтық бағалау рәсімдерін бақылау формасын PDF форматында Оқыту орталығына ұсынады;

10) осы Ереженің 3 тарауында белгіленген тәртіппен «есептелмеді» деп бағаланған жұмыстарды модерациялауды жүзеге асырады;

11) тыңдаушылардың жазбаша келісімімен жүйелік-әдістемелік кешенде орналастыру үшін сабақ жоспарларын іріктейді және list@срi.nis.edu.kz адресі бойынша ПӨО электрондық поштасына жібереді.

Тыңдаушылар Оқыту орталығында немесе қашықтықтан оқыған кезде ПӨО жауапты тұлғасы бақылаушы болып табылады.

10. Жауапты менеджер:

- 1) тыңдаушылар тізімін өңдейді және әрбір ПӨО жауапты тұлғасының корпоративті электронды пошталарына жібереді;
- 2) Оқыту орталықтарының тыңдаушылар тізімі бар хаттары негізінде бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын қалыптастырады;
- 3) Курстардың легі бойынша ПӨО жауапты тұлғаларынан бағалау нәтижелерін алып, осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес бағалау ведомосіне енгізеді;
- 4) тыңдаушыларды бағалау бойынша электронды деректер базасын жүргізеді;
- 5) «есептелмеді» деп бағаланған тыңдаушыларды модерациялау рәсімі бойынша жұмысты және жүйелік-әдістемелік кешенде орналастыру үшін сабақ жоспарларын іріктеуді ұйымдастырады;
- 6) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес форма бойынша бағалау ведомосіне модерацияны ескере отырып, бағалау нәтижелерін енгізеді;
- 7) сертификаттауға ұсынылған/ұсынылмаған тыңдаушылар тізімін дайындайды;
- 8) Таныстырылым болғаннан кейін он бірінші жұмыс күні ПӨО порталында сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылардың тізімін жариялайды.

11. Оқыту орталықтары:

- 1) оқыту орны, білім беру бағдарламалары, оқу тілі және тыңдаушылар саны көрсетілген Курстар өткізу кестелерін ұсынады;
- 2) ЖСН, оқыту орталығы, білім беру бағдарламалары, оқу тілі көрсетілген

тыңдаушылар тізімін, байланыс деректері көрсетілген (телефон, электрондық пошта мекенжайы) тренерлер тізімін ұсынады;

3) ПӨО жауапты тұлғасына бағалауды ұйымдастыру және өткізу аралығында жұмыс орнын ұсынады (компьютер/ноутбук, принтер және сканер);

4) таныстырылымды бағалауды жүзеге асыру үшін жағдай жасайды: аудиторияларда механикалық (электрондық) сағаттың, интерактивті тақтаның (экранның), проектордың, тренерге және тыңдаушыларға арналған басылып шығарылған сабақты жоспарлау таныстырылымының жиынтық бағалау профформаларының болуын қамтамасыз етеді;

5) бақылаушыға сабақ жоспарларының электрондық нұсқаларын, таныстырылымдарды (слайдтар/постерлер) ұсынады;

5-1) курстар қашықтықтан оқыту форматында жүзеге асқанда ПӨО жауапты тұлғасына таныстырылымды қорғаудың бейнежазбасын, тренердің сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау профформасын (сканкөшірме және word форматында) ұсынады; тренердің сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау профформасының түпнұсқалары бағалау өткен күннен бастап бір жыл мерзімінде Оқыту орталықтарында сақталады;

б) тыңдаушылардың әртүрлі себептерге байланысты Курстардан шыққандығы туралы олардың бағалау күнінен кешіктірмей ПӨО-ға хат жіберу арқылы хабарлайды.

12. Зияткерлік мектептер:

1) бағалауды өткізу үшін бақылаушылармен қамтамасыз етеді;
2) Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен Зияткерлік мектеп қызметкерлері қатарынан бағалау өткізілетін орындарға бақылаушыларды бөлуге жауапты тұлғаларды тағайындайды және бақылаушыларды бейнежазба жазу аппаратурасымен қамтамасыз етеді.

13. Бағалауды өткізу тәртібі:

1) бақылаушы осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес форма бойынша тыңдаушыларды олардың жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде тіркеу парақшасында тіркейді;

2) бақылаушы ПӨО жауапты тұлғасын таныстырылымның басталуы туралы хабарлайды;

3) тыңдаушының жеке басын куәландыратын құжаты болмаған жағдайда ол таныстырылымды бағалауға жіберілмейді;

4) тыңдаушы қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде (таңдауы бойынша) 5-7 минут таныстырылымды (слайдтар немесе постер (постерлер) қорғайды;

5) бақылаушы немесе тренер (курстар қашықтықтан оқыту форматында жүзеге асқанда) тыңдаушылардың таныстырылымды бағалау барысының бейнежазбасын жүргізеді;

б) тренер мен тыңдаушылар тыңдаушылардың таныстырылымы бойынша жиынтық бағалауды өткізеді және оқыту курстарының ұзақтығына байланысты осы Ереженің 6-9-қосымшаларына сәйкес сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымының жиынтық бағалау проформаларына 0 («дәлелдемелер ұсынылмады»), 1 («дәлелдемелер әлсіз»), 2 («дәлелдемелер күшті»), 3 («дәлелдемелер өте күшті») балдарын қояды;

3 балл («дәлелдемелер өте күшті») келесі жағдайларда қойылады:

- сабақтың мақсаттары білім беру саласы бойынша оқу мақсаттарымен келісілген, пән ерекшеліктеріне бағдарланған, оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART форматында құрастырылған;

- оқушыларды оқуға тарту әдістері пән бойынша тақырыптың мазмұнымен айқындалған, әдіс/тер оқу мақсаттарына жетуге ықпал етеді;

- саралау әдісі/тері мен тәсілдерін (тапсырмалар, дереккөздер, оқушыларды қолдау және т.б.) таңдаудың негіздемесі оқушылардың қажеттіліктерін есепке ала отырып келтіріледі, саралау әдістері әрбір оқушыға мақсаттарға жетуге ықпал жасайды;

- бағалау оқу мақсаттарына сәйкес келеді, оқуды қолдайды, бағалау критерийлері қолданылады;

- ықшамсабақтың сабақты жоспарлауға ықпалы туралы, кері байланыстың сабақты жоспарлау кезінде қалай қолданылғаны туралы, өз тәжірибесіне өзгерістер енгізу негізінде тәжірибені дамыту қалай

жоспарланғаны туралы нақты қорытындылар жасалады;

2 балл («дәлелдемелер күшті») келесі жағдайларда қойылады:

- сабақтың мақсаты оқу мақсаттарымен келісілген, пән ерекшеліктеріне бағытталған, барлық мақсаттар SMART форматында құрастырылмаған;

- пән бойынша тақырып мазмұнына сәйкес оқушыларды оқуға тарту әдістері түсіндіріледі, әдістердің барлығы бірдей оқу мақсатына жетуге ықпал етпейді;

- саралау әдістері мен тәсілдері (тапсырмалар, дереккөздер, оқушыларды қолдау және т.б.) түсіндіріледі, саралау әдістері барлық оқушылардың оқу мақсаттарына жетуге қалай әсер ететіндігі түсіндірілмейді;

- бағалаудың оқу мақсаттарына сәйкестігі түсіндіріледі, бағалау әдістерінің мысалдары келтіріледі, критерийлердің барлығы бірдей оқу мақсаттарына сәйкес келмейді;

- ықшамсабақтың сабақты жоспарлауға ықпалы туралы жасалған қорытындылар өз тәжірибесіне өзгерістер енгізуге негізделмеген.

1 балл («дәлелдемелер әлсіз») келесі жағдайларда қойылады:

- сабақтың мақсаттары пән ерекшеліктеріне бағытталған, оқу мақсаттарымен келісілмеген, мақсаттардың барлығы бірдей SMART форматында құрастырылмаған;

- оқушыларды оқуға тарту әдістері сипатталған, олардың қолданылуы түсіндірілмейді;

- саралау әдістері мен тәсілдері (тапсырмалар, дереккөздер, оқушыларды қолдау және т.б.) сипатталған, саралау әдістері әрбір оқушыға мақсаттарға жетуге қалай ықпал ететіндігі түсіндірілмейді;

- бағалау әдістері мен тәсілдері сипатталған, бағалаудың оқуды қалай қолдайтындығы түсіндірілмейді;

- ықшамсабақтың жоспарлауға ықпалы туралы жалпылама қорытындылар жасалады, қорытындылар негізінде тәжірибені дамытуды жоспарлау көрсетілмейді.

0 баллы («дәлелдемелер ұсынылмады») келесі жағдайларда қойылады:

- сабақтың мақсаттары пән ерекшеліктеріне бағытталмаған, оқу мақсаттарымен келісімеген, SMART форматында құрастырылмаған;

- оқушыларды оқуға тарту әдістері тізілген/келтірілмеген, әдістер оқушыларды оқуға тартуға бағытталмаған;

- оқу мақсаттарына жетуге ықпал ететін саралау әдістері (тапсырмалар, дереккөздер, оқушыларды қолдау және т.б.) тізілген/келтірілмеген;

- бағалау әдістері оқу мақсаттарына сәйкес келмейді, бағалаудың оқуды қалай қолдайтындығы түсіндірілмейді;

- ықшамсабақ тәжірибесі жоспарлауға ықпал еткендігі айтылады, неден көрініс тапқандығы нақтыланбайды.

7) бақылаушы:

- таныстырылымды бағалауды бақылауды жүзеге асырады және осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес жиынтық бағалау рәсімдерінің бақылау формасын толтырады;

- бақылаушы ПӨО жауапты тұлғасына барлық тыңдаушылардың таныстырылымды бағалауды аяқтағаны туралы хабарлайды;

- таныстырылымды бағалау аяқталғаннан кейін бақылаушы бағалау материалдарын жинауды жүзеге асырады;

- бақылаушы Оқыту орталығына келеді және осы Ереженің 12-қосымшасындағы бағалау материалдарын есепке алу нысанына сәйкес ПӨО жауапты тұлғасына бағалау материалдарын тапсырады;

8) ПӨО жауапты тұлғасы осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес тіркеу парағына қол қояды;

9) ПӨО жауапты тұлғасы таныстырылымды бағалаудан кейінгі бес жұмыс күні ішінде:

- әріптестердің және тренердің сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымының жиынтық бағалау проформаларына шолу жүргізеді;

- плагиат фактілерін анықтау үшін келесі реттілікпен тыңдаушының сабақ жоспарын тексеруді жүргізеді:

1 кезең – ПӨО жауапты тұлғасы тыңдаушының сабақ жоспарын арнайы плагиатты тексеретін онлайн сервистер арқылы тексереді. Тыңдаушының сабақ жоспарының мәтіні бірегейлікке және көшірме мәтін қолданысына тексеріледі. Интернетте сабақ жоспары мәтініне ұқсас немесе бірдей фрагменттерді тапқан кезде антиплагиат бағдарламасы осы үзінділерді сары түспен белгілейді және жалпы тексерісті аяқтағаннан кейін плагиат көздеріне сілтеме көрсетеді;

2 кезең – плагиатты тексеретін онлайн сервистер арқылы тексергеннен кейін, ПӨО жауапты тұлғасы сабақ жоспарының мәтінін бірегейлікке және көшірмеге тексерудің салыстырмалы талдауын өзі жасайды. Қандай да бір дереккөзден алынған, бірақ сілтемелермен дұрыс рәсімделген ақпарат плагиат ретінде есептелмейді.

- плагиат анықталған жағдайда, осы Ереженің 13-қосымшасына сәйкес плагиат анықталуының дәлелдері көрсетілген салыстырмалы кестесі бар негіздемені рәсімдейді;

- тыңдаушылардың таныстырылымды бағалаудың бейнежазбасын, слайд/постерлер мен сабақ жоспарларын қарайды;

- таныстырылымды бағалауды бақылау формасын зерделейді;

- тренер мен тыңдаушылар қойған бағалар расталған жағдайда «есептелді» шешімін қабылдайды;

- келесі жағдайлардың бірінде «есептелмеді» шешімін қабылдайды: таныстырылымның бір немесе одан артық бағалау критерийлерінің дәлелдемелері жоқ болғанда, плагиат анықталғанда және сабақ жоспары болмаған жағдайда;

- қабылданған шешімдер бойынша негіздемені ПӨО-ның list@cri.nis.edu.kz электрондық поштасына жібереді;

- әдістемелік-жүйелік кешенге ұсынуға болатын сабақ жоспарларын

іріктейді;

- осы Ереженің 7,9-11-қосымшаларына сәйкес сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымның жиынтық бағалау проформаларын және 4,5-қосымшаларына сәйкес формаларын сканерлейді және PDF форматында ПӨО-ның электронды поштасының list@spi.nis.edu.kz мекен-жайына жібереді;

- бағалау материалдарын орап буады және ПӨО-на пошта қызметі арқылы жібереді.

3. МОДЕРАЦИЯ

14. Таныстырылымды бағалау нәтижесінде, «есептелмеді» шешімін алған тыңдаушылар модерацияға түседі.

15. Модерация жетекшілік ететін директордың орынбасарымен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, таныстырылымды бағалауды жүргізбеген ПӨО жауапты тұлғаларымен өткізіледі.

Модерация рәсімі бағалау аяқталғаннан кейінгі екінші аптада 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және келесі тәртіпте өткізіледі:

1) жауапты менеджер:

- модерацияға түскен тыңдаушылардың сабақ жоспарлары, слайдтар/постерлер мен таныстырылымды бағалау бейнежазбасын жинақтайды;

- «есептелмеді» шешімі қабылданған тыңдаушылардың таныстырылымын бағалау картасын әзірлейді;

- ПӨО жауапты тұлғаларының корпоративті электронды поштасына модерацияға түскен тыңдаушылардың сабақ жоспарларын, слайдтарын/постерін таныстырылымды бағалау бейнежазбаларын жібереді;

- осы Ереженің 14, 15-қосымшаларына сәйкес ПӨО жауапты тұлғасынан сабақты жоспарлау таныстырылымының жиынтық бағалау проформасын, осы Ереженің 13-қосымшасына сәйкес PDF және Word форматында модерация бойынша негіздемелерді list@spi.nis.edu.kz электронды поштасына, бағалау материалдарының қағаз форматын пошта қызметі арқылы қабылдайды;

- осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес бағалау нәтижелерінің модерациясы рәсімі бойынша актіні әзірлейді;

- тыңдаушылар бағалауы нәтижелерін өңдейді, Оқыту орталығына жіберу үшін аналитикалық есепті әзірлейді;

- іріктелген сабақ жоспарларын тыңдаушылардың келісімімен жүйелік-әдістемелік кешенде жариялайды.

2) ПӨО жауапты тұлғасы:

- модерацияға түскен тыңдаушылардың сабақ жоспарын, таныстырылымды бағалау бейнежазбасын, слайдтарын\постерін жеке корпоративті электронды пошта арқылы жауапты менеджерден қабылдайды;

- модерация бойынша шешім қабылдайды және осы Ереженің 14, 15-

қосымшаларына сәйкес сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау проформаларын толтырады;

- осы Ереженің 13-қосымшасына сәйкес форма бойынша негіздемені рәсімдейді;

- корпоративті электронды поштасынан ПӨО-ның list@срi.nis.edu.kz электронды поштасына Word және PDF форматында сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау проформаларын және негіздемелерін жібереді;

- бағалау материалдарын ПӨО-ға пошта қызметі арқылы жібереді.

3) жетекшілік ететін директордың орынбасары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ПӨО жауапты тұлғалары осы Ереженің 16-қосымшасына сай бағалау нәтижелерін модерациялау рәсімі актісіне қол қою арқылы модерация бойынша шешімді растайды;

4) жетекшілік ететін директордың орынбасары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары модерацияны есептегенде бағалау нәтижелерін осы Ереженің 1-қосымшасындағы бағалау ведомосіне қол қою арқылы растайды.

4. ҚАЙТА БАҒАЛАУ

16. Бағалаудың нәтижесі бойынша «есептелмеді» алған тыңдаушылар осы Ереженің 17-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша жазылған өтініштің негізінде басқа лекпен жылына 1 реттен артық емес бағалаудан қайта өтуге құқығы бар. Өтініш хаттың скан көшірмесі бағалауды қайта өту күніне дейін бір апта бұрын ПӨО peresdacha@срi.nis.edu.kz электронды поштасына жіберіледі, түпнұсқасы бағалауды қайта өту күні бақылаушыға беріледі.

17. Курсты аяқтаған, алайда әртүрлі себептермен бағалауға келмеген тыңдаушылар осы Ереженің 17-қосымшасына сәйкес өтініш негізінде Курстардың басқа легінде бағалаудан өтуге құқығы бар. Өтініш хаттың скан көшірмесі бағалаудан қайта өту күніне дейін бір апта бұрын ПӨО peresdacha@срi.nis.edu.kz электронды поштасына жіберіледі, түпнұсқасы бағалаудан өту күні бақылаушыға беріледі.

18. Қайта бағалауға қабылданған тыңдаушылар осы Ереженің 13-тармағында белгіленген тәртіппен басқа лекпен бағаланады.

5. АПЕЛЛЯЦИЯ

19. Апелляция жиынтық бағалау рәсімдері бұзылған жағдайда ғана жүргізіледі. Сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылар тізімі ПӨО порталында жарияланғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тыңдаушы осы Ереженің 18-қосымшасына сәйкес дәлелдемелер көрсетілген жазбаша өтінішпен және өтініштің PDF форматын peresdacha@срi.nis.edu.kz электрондық поштасына жібере отырып ПӨО-на жүгінуге құқылы. Белгіленген мерзімнен кеш түскен өтініштер қарастыруға жатпайды.

20. ПӨО директорының бұйрығымен кемінде 5 адамнан тұратын,

тыңдаушы өтініштерін қарастыруға және олар бойынша тиісті шешім қабылдауға өкілетті ПӨО қызметкерлерінен тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

21. Апелляциялық комиссия құрамына ПӨО директорының орынбасары, ПӨО жауапты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, заңгер кіреді. ПӨО директоры апелляциялық комиссияның төрағасы болып табылады. Апелляциялық комиссияның хатшысы – жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері.

22. Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мерзім ішінде ПӨО тыңдаушының өтінішін қарастырады және апелляция шешімі бойынша негізделген жауап береді.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

23. Бағалауды ұйымдастыру және өткізуге қатысатын тұлғалар осы Ереженің талаптарын сақтауға жеке жауапкершілік алады.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

24. Бағалау материалдары (тренердің және ПӨО жауапты тұлғасының сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымның жиынтық бағалау проформалары, тыңдаушыларды бағалау нәтижелерінің модерациясы бойынша Акт, тыңдаушыларды тіркеу парақшалары, жиынтық бағалау рәсімдерін бақылау формасы, бағалау материалдарын тіркеу формасы, таныстырылымды қайта бағалауға өтініштерінің түпнұсқасы, «есептелмеді» шешімі қабылданған негіздемелер және тыңдаушыларды бағалау ведомосі) ПӨО ведомстволық мұрағатына сақтауға беріледі.

25. Бағалау нәтижелері бойынша «есептелді» алған тыңдаушылардың таныстырылымды бағалау бейнежазбасы қорытынды бағалау нәтижелері ПӨО порталында жарияланған күннен бастап компьютерлер мен электронды құралдардан жойылуы тиіс. «Есептелмеді» шешімін алған сабақты жоспарлау таныстырылымының жиынтық бағалау проформаларынан басқа тыңдаушылардың сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымдарының жиынтық бағалау проформалары бағалау ведомосі тіркелген уақыттан бастап 1 жыл уақыт аралығында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалының директоры бекіткен Күпия және басқа да бағалау материалдарын сақтау және жою Ережесіне сәйкес Акт бойынша жойылуы тиіс. «Есептелмеді» шешімін алған тыңдаушылардың бағалау материалдары қайта бағалауға дейін сақталады. Қайта бағалау нәтижелері бойынша «есептелді» шешімін алған тыңдаушылардың сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымының жиынтық бағалау проформалары бағалау ведомосі тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде жойылады. Бағалау материалдарын жою үшін ПӨО директорының бұйрығымен құрамы кемінде үш ПӨО қызметкерінен тұратын комиссия құрылады.

26. ПӨО бағалау қорытындылары бойынша Оқыту орталығына Курстар аяқталғаннан кейін 2 (екі) ай ішінде аналитикалық есепті және тыңдаушылардың әдістемелік-жүйелік кешенге орналастыруға ұсынылған сабақ жоспарларын ұсынады.

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламалары бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу ережесіне
1-қосымша

20__ жылдың _____ бастап _____ дейін _____ негізінде
«_____» бағдарламасы бойынша
біліктілікті арттыру курстарында білім алған тыңдаушыларды бағалаудың
№ _____ ведомосі
(_____ 20__ жылғы бағалау)

Нұр-Сұлтан қ.

«___» _____ 20__ ж.

Тыңдаушының жеке куәлік бойынша ТАӘ	ЖСН	Бағдарлама	Топ №	Оқыту орталығы	Оқу орны	Оқу мерзімі	Қорғау тілі	Бағалау нәтижесі (есептелді/есептелмеді/келмеді)

ПӨО қызметкері: _____
(лауазымы, ТАӘ, қолы)

ПӨО қызметкері: _____
(лауазымы, ТАӘ, қолы)

ПӨО қызметкері: _____
(лауазымы, ТАӘ, қолы)

Тыңдаушыларға арналған нұсқама

Осы нұсқамада тыңдаушыға бағалау кезінде ұстануға қажетті ұсыныстар қысқаша баяндалған:

- 1) курстарда алған білімдерін ескере отырып, сабақ жоспарын әзірлеу;
- 2) таныстырылымды бағалауға бір күн қалғанда жоспарды Word форматында тренерге тапсыру;
- 3) сабақ жоспары негізінде сабақты жоспарлау бойынша таныстырылым (постерлер немесе слайдтар) дайындау және таныстырылымды бағалау күні тренерге тапсыру;
- 4) бағалау күні жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп, бақылаушыда бағалау рәсіміне тіркелу және тіркеу парағына қол қою;
- 5) тыңдаушының бағалау профформасын жеке толтыру;
- б) келесі ережелерді сақтау:
 - сөйлеу регламентін бұзбау (5-7минут);
 - әріптестерін мұқият тыңдау;
 - бөтен істермен айналыспау;
 - сөз сөйлеу кезінде әріптестерін алаңдатпау;
 - таныстырылымды бағалау профформасын мұқият толтыру, бағаларды анық қою;
 - телефондарды өшіру;
 - бөтен заттарды (ноутбуктер, планшеттер және т. б.) пайдаланбау.

Бақылаушыға арналған нұсқама

Бұл нұсқамада бағалау рәсімдерін бақылау кезінде бақылаушының ұстануы керек ұсыныстары қысқаша баяндалған:

- 1) бағалау өткізуге жағдайдың жасалуын тексеру;
- 2) жеке тұлғасын куәландыратын құжатқа сәйкес тыңдаушыларды тіркеуді жүргізу;
- 3) ПӨО жауапты тұлғасына таныстырылымды бағалауды бастау уақытын және тыңдаушылардың келуі туралы хабарлау;
- 4) тыңдаушыларды бағалау рәсімдерін бақылау;
- 5) бағалау рәсімін бақылау формасына бақылау нәтижелерін тіркеу;
- 6) бағалау рәсімдері аяқталған соң сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау проформаларын жинау;
- 7) ПӨО жауапты тұлғасына таныстырылымды бағалауды аяқтау уақыты туралы хабарлау;
- 8) бағалау материалдарын ПӨО жауапты тұлғасына тапсыру үшін бағалау материалдарын тіркеу формасына сәйкес жинау;
- 9) оқыту орталығында ПӨО жауапты тұлғасына материалдарды тапсыру.

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру
білім беру бағдарламалары бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу ережесіне
4-қосымша

Курс тыңдаушыларын таныстырылымды қорғауға тіркеу парағы

топ № _____ /қайта бағалау

*Бағалауды өткізу орны _____

Бағалауды өткізу мерзімі және уақыты _____

№	Тыңдаушының Т.А.Ә.	ЖСН	Бағдарлама	Оқу тілі	*Тыңдаушының қолы	Ескерту

*Тренердің Т.А.Ә. (толық), қолы _____

Бақылаушының Т.А.Ә. (толық), қолы _____

ПӨО жауапты тұлғасының Т.А.Ә. (толық), қолы _____

* курстар қашықтықтан оқыту форматында жүзеге асқанда қойылмайды

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогикалық
кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламалары
бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу
ережесіне
5-қосымша

Бағалау рәсімдерін жиынтық бақылау формасы

Күні	
Оқыту орталығы	
*Өткізу орны	
Бағдарлама	
Тренердің ТАӘ	
Бақылаушының ТАӘ	

Сандық мәліметтер

Негізгі тыңдаушылар	
Қайта қорғайтын тыңдаушылар	
Таныстырылымды ұсынбағандар	

Бөлімдер	Бақылау компоненттері	Иә	Жоқ
Бағалау үшін жағдайдың жасалуы	*Сағаттың болуы		
	*Интерактивті тақтаның (экранның), проектордың болуы		
	*Баспадан шыққан бағалау проформаларының болуы		
	Таныстырылымды қорғауға қажетті техникалық жабдықтаулармен қамтамасыз етуі		
Бағалау рәсімі	Таныстырылымды қорғаудың уақтылы басталуы		
	Таныстырылымды қорғауға берілген уақыттың сақталуы		
	*Тыңдаушылардың бағалау проформаларын толтыруы		
	*Тыңдаушылардың бағалау үрдісіне тартылуы		
	Тыңдаушылардың таныстырылымға дайын болуы		
Бағалау материалдарын жинақтау	*Әріптестердің бағалау проформаларының саны қатысушылар санымен сәйкес болуы		
	Әрбір тыңдаушының сабақ жоспарының болуы		
	Әрбір тыңдаушының таныстырылымының (слайдтар/постер) болуы		
	Әрбір тыңдаушының таныстырылымының видеожазбасының болуы		
Түсіндірме, қосымша ақпарат			

*Тренердің ТАӘ және қолы _____

Бақылаушының ТАӘ және қолы _____

* курстар қашықтықтан оқыту форматында жүзеге асканда қойылмайды

**Сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау проформасы (тыңдаушылар үшін)
1, 2-апталық курстар**

Оқыту орталығы: _____
Күні: _____
Бағдарлама: _____
Топ: _____
Тренердің аты-жөні: _____

Таныстырылым кезінде пән бойынша жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, критериалды бағалауды түсінуі мен қолдануы бағаланады.

*Қысқа мерзімді жоспарды ұсынуы міндетті.

Таныстырылым келесі шәкілдер арқылы бағаланады: 0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер күшті, 3 – дәлелдемелер өте күшті (*әрбір критерий бойынша максимальды балл - 3*). *Таныстырылымның ұзақтығы: 5-7 минут.*

№	Тыңдаушының Т.А.Ә.	Бағалау критерийлері				Тыңдаушының орташа бағасы
		Сабақтың мақсаттары	Белсенді оқу әдістері	Саралау әдістері	Критериалды бағалау	
		- сабақтың мақсаттары оқу мақсаттарымен келісілген - сабақ мақсаттары пәннің ерекшеліктеріне бағдарланған - сабақ мақсаттары оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART (нақты, өлшемді, қол жетімді, шынайы және сабақ шегіндегі уақытқа сай) форматында құрастырылған	- әдістерді таңдау пән бойынша тақырыптың мазмұнымен анықталған - әдістер оқу мақсаттарына жетуге ықпал етеді - әдістер оқушыларды оқуға тартуға бағытталған	- тапсырмалар оқушылардың қажеттіліктерін есепке алып сараланған - саралаудың әр түрлі тәсілдері жоспарланған (тапсырмалар, дереккөздер, оқушыларды қолдау т.б.) - саралау әдістері әрбір оқушыға мақсаттарға жетуге ықпал жасайды	- бағалау оқу мақсаттарына сәйкес келеді - қалыптастырушы бағалау оқуды қолдайды - бағалау критерийлері қолданылады	

Тыңдаушының ТАӘ, қолы _____

Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламалары бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу ережесіне
7-қосымша

**Сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау проформасы (тренер үшін)
1, 2-апталық курстар**

Оқыту орталығы: _____
Күні: _____
Бағдарлама: _____
Топ: _____
Тренердің аты-жөні: _____

Таныстырылым кезінде пән бойынша жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, критериалды бағалауды түсінуі мен қолдануы бағаланады. **Қысқа мерзімді жоспарды ұсынуы міндетті.*

Таныстырылым келесі шәкілдер арқылы бағаланады: 0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер күшті, 3 – дәлелдемелер өте күшті (*әрбір критерий бойынша максимальды балл - 3*). *Таныстырылымның ұзақтығы: 5-7 минут.*

№	Тыңдаушының Т.А.Ә.	Бағалау критерийлері				Тренердің бағасы
		Сабақтың мақсаттары	Белсенді оқу әдістері	Саралау әдістері	Критериалды бағалау	
		<ul style="list-style-type: none"> - сабақтың мақсаттары оқу мақсаттарымен келісілген - сабақ мақсаттары пәннің ерекшеліктеріне бағдарланған - сабақ мақсаттары оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART (нақты, өлшемді, қол жетімді, шынайы және сабақ шегіндегі уақытқа сай) форматында құрастырылған 	<ul style="list-style-type: none"> - әдістерді таңдау пән бойынша тақырыптың мазмұнымен анықталған - әдістер оқу мақсаттарына жетуге ықпал етеді - әдістер оқушыларды оқуға тартуға бағытталған 	<ul style="list-style-type: none"> - тапсырмалар оқушылардың қажеттіліктерін есепке алып сараланған - саралаудың әр түрлі тәсілдері жоспарланған (тапсырмалар, дереккөздер, оқушыларды қолдау т.б.) - саралау әдістері әрбір оқушыға мақсаттарға жетуге ықпал жасайды 	<ul style="list-style-type: none"> - бағалау оқу мақсаттарына сәйкес келеді - қалыптастырушы бағалау оқуды қолдайды - бағалау критерийлері қолданылады 	

Тренердің ТАӘ, қолы _____

**Сабақты жоспарлау бойынша таныстырылымды жиынтық бағалау проформасы (тыңдаушылар үшін)
3, 4-апталық курстар**

Оқыту орталығы: _____

Күні: _____

Бағдарлама: _____

Топ: _____

Тренердің аты-жөні: _____

Таныстырылым кезінде пән бойынша жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, критериалды бағалау жүйесін түсінуі мен қолдануы, сонымен қатар ықшамсабақ тәжірибесінің сабақты жоспарлауға ықпалына қатысты рефлексиясы бағаланады. **Қысқа мерзімді жоспарды ұсынуы міндетті.*

Таныстырылым келесі шәкілдер арқылы бағаланады: 0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер күшті, 3 – дәлелдемелер өте күшті (*әрбір критерий бойынша максимальды балл - 3*) *Таныстырылымның ұзақтығы: 5-7 минут*

№	Тыңдаушының Т.А.Ә.	Бағалау критерийлері					Тыңдаушының орташа бағасы
		Сабақтың мақсаттары	Белсенді оқу әдістері	Саралау әдістері	Критериалды бағалау	Ықшамсабақтың сабақты жоспарлауға ықпалы туралы қорытындылар	
